Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

15 ақпан сейсенбі
№13 (1818)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

#КүшімізБірлікте

Қытай. Бейжің. Ақ олимпиада ойындары. Төржылдықтың басты додасына еліміздің «сайдың тасындай» үздіктерді аттандырдық. Алайда елдің үмітін арқалап, Қытайға аттанған ел спортшылары айтарлықтай жетістікке қол жеткізе алмауда. Бүгін осы байрақты бәсекедегі сүреңсіз сәттер мен соңғы нәтижелерге шолу жасамақпыз.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ КЕЗІНДЕ ҚАЙТЫС БОЛҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ РУХЫНА МЕШІТТЕ ҚҰРАН БАҒЫШТАҒАННАН КЕЙІН ХАЛЫҚҚА ЖАСАҒАН ҮНДЕУІ

Ардақты ағайын!

Биылғы жыл еліміз үшін қайғылы оқиғадан басталды. Халқымыз өте қиын сынақты бастан өткерді. Мемлекетіміздің тұтастығына, азаматтарымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің болашағына қауіп төнді. Біз лаңкестерге дер кезінде тойтарыс беріп, бетін қайтардық. Өкінішке қарай, дүрбелеңде көптеген азаматымыз қаза тапты. Бұл – нағыз қасірет.

Қазіргі таңда тиісті мекемелер азаматтардың әрбір ісі бойынша тергеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Адам құқығын қорғау мәселесі мен үшін аса маңызды. Қайғылы жағдай бүкіл елдің қабырғасын қайыстырды. Осыған байланысты жалпыұлттық аза тұту күнін жарияладық.

Сол қасіретті оқиғадан бері 40 күн өтті. Бүгін марқұмдардың рухына құран бағыштау үшін мешітке арнайы келдім. Қаза болған адамдардың жақындарына тағы да көңіл айтамын.

Мемлекет қаралы шаңырақтарды қараусыз қалдырмайды. Мен қайтыс болған азаматтардың отбасыларына қаржылай көмек көрсетуді тапсырдым. «Қазақстан халқына» қоры да осы қайырымдылық жұмысқа атсалысады деп ойлаймын.

Енді халқымыздың береке-бірлігі мен тыныштығын бұзуға жол бермейміз. Бұл – биліктің ғана емес, барша азаматтарымыздың ортақ борышы. Мұндай қасірет ешқашан болмасын! Қазақстан халқына сабыр тілеймін!

Бәріміз тұтас ел болып, Жаңа Қазақстанды құрайық! Жаңа Қазақстан – баршамыздың ортақ үйіміз, оның іргесін бірге қалайық! Бұл өскелең ұрпақ үшін керек.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЖЕРАСТЫ СУЫ ЖАНДАНБАҚ

Сырдария өзенінің бүгінгі жай-күйі көңіл құлазытады. Жасыратын несі бар, су тапшылығы аймақтағы ауыл шаруашылығына да кері әсерін тигізуде. Сондай-ақ жауын-шашынның да аз түсуі Сыр өңіріне оңайға соқпай тұр. Әсіресе жаз басталса, аяқ суға жарымайды.

Осы тұста Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев облыс орталығын аяқ сумен қамту үшін жерасты суын пайдалану керегін айтты. Нәтижесінде ұңғыма қазу жоспарлануда. Өткен жылы қолға алынған бұл бастама сәтті жүзеге асты. Осылайша бүгінде сол жағалау аумағынан 2 жер асты су ұңғымасы қазылды. Алдағы уақытта бұл ұңғымалар арқылы көпқабатты үй аулаларындағы жасыл-желекке аяқ су келмек. Қазіргі кезде мердігер мекеме міндеттелген жұмысын аяқтау сатысында.

Жан-жақты зерттеу нәтижесі бойынша қалаға дәл осындай 26 ұңғыма керек. Осыған орай қала басшысы шұғыл шешім қабылдады. Қала әкімі жауапты бөлімге қосымша ұңғымаларды қазу үшін, тиісті құжаттарды әзірлеу жұмысын жеделдетуді тапсырды. Алдағы уақытта жаңа ұңғымалар аяқ суды аса қажет ететін аумақтарға орнатылмақ. Осы тұста қаланы аяқ сумен қамту күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе екенін айта кеткен жөн.

А.МЫРЗАҒАЛИ

АЛТЫН ТҮГІЛ, ҚОЛА АРМАН



Еліміз медаль алады-ау деп күткен жарыс фристйл-могул болатын. Осыған дейін талай додада топ жарып, жүлдемен оралған Юлия Галышеваға бәрі сенім білдірді. Мұны шетелдік сарапшылар да айтқан болатын. Жарыс бастала салысымен Қазақстан қоржынына жүлде салады деген осынау спорт түріне ел назары ауды. Біржағы Олимпиада ойындарында қола жүлдені иеленген Галышеваның осы жолы алтынды уысынан шығармайтынына ел сенді. Бірақ артқан сенім, күткен үміт ақталмады. Финалға шыққан Юлия суперфиналға берілер жолдама сарапқа салынған кезде сәтсіз өнер көрсетті. Екінші кезеңге өткен могулшылар Аяулым Әміренова мен Олеся Граур алғашқы іріктеудегі нәтижесін жақсарта алмады. Анастасия Городко да ұзаққа шаппады. Бұл додада Юлия Галышева – 11-орын, Анастасия Городко – 11-орын, Аяулым Әміренова – 12-орын, Олеся Граур – 18-орынға табан тіреді. Қазақстан осылайша фристайл-могулден жүлдесіз қалды.

Қыстың басты бәсекесінде алтын медалді австралиялық Джакара Энтони қанжығасына байласа, күмісті американдық Джелин Кауф иеленді. Ал ресейлік Анастасия Смирноваға қола бұйырды.

Хош. Бұдан кейін еңсе тіктеп, абыроймен қайтармыз деген спорт түрі – Трамплин еді. Алайда бұнда да сүріндік. Спортшыларымыздың бабы келмеді ме әлде ауа райы қолайсыздау болды ма, әйтеуір жарыс жолына шыққан атлеттеріміз жеңіс тұғырынан көріне алмады. Бірінші кезеңде жақсы нәтиже көрсеткен Данил Васильев пен Сергей Ткаченко жарысты сәтсіз аяқтады. Орташа трамплинде Данил Васильев 46-орын, Сергей Ткаченко 41-орын иеленді. Енді бұл екеуі үлкен транплиннен секіреді. Бәлкім сонда бағы жанатын шығар.

Бұдан соң шаңғы жарысы бойынша жүлделер сарапқа салынып, мықтылар анықталды. Бірақ мұнда да біздің жолымыз болмады. Өкініштісі сол, скитлонның бастапқы сәтінен-ақ біздің спортшылар елдің соңында қалды. Үміт артқан Ксения Шалыгина 48-орынға, Ангелина Шурыга 49-орынға, Валерия Тюленева 51-орынға, Надежда Степашкина 58-орынға табан тіреді.

Ерлер арасында да шаңғы жарысынан жолымыз болмай қойды. Тағы да сол сәтсіздік. Қазақстаннан «Жүзден жүйрік» деп жіберген жігіттер әлемнің әр түкпірінен келген мықтыларға қауқар таныта алмады. Мұнда Виталий Пухкало 32-орынға, Евгений Величко 57-орынға тұрақтады. Бұндағы чемпиондықты Ресей намысын қорғаған Александр Большунов бағындырды. Күмісті тағы бір ресейлік Денис Спицов жеңіп алды. Ал үздік үштікті финляндиялық Ийво Нисконен түйіндеп, қоладан медаль тақты.

Біздікілер конькимен жүгіру спортында да ел күткен нәтижеге қол жеткізе алмады. Надежда Морозова үш мың метрге арналған додада 13-орын алды. Енді ол мың жарым метрге арналған додада бақ сынайды.

Үздіктер қатарында болады деген могулшы Дмитрий Рейхерд финалға дейін жеткенімен, суперфиналға шыға алмай қалды. Жарысты сегізінші орынмен аяқтады. Павел Колмаков болса екінші іріктеуден әріге бармады. Ал шорттректен Әділ Ғалиахметов өзінің тобында III орын алып, алғашқы жарысында жеңіліс тапты. Аралас эстафетадағы құрамамыз жартылай финалға жеткенімен, А финалына жолдама ала алмады. Жалпы жарысты отандастарымыз бесінші орынмен аяқтады. Биатлонда да айымыз оңынан тумады. Жиырма шақырымдық жекелей жарыста Қазақстан атынан шыққан спортшымыз Владислав Киреев мәреге 25-ші болып келді. Ал Александр Мухин мәре сызығын 51-ші болып кесті. Мұнда алтын медалді франциялық Кантен Фийон Майе иеленді. Күмісті белорусьтік Антон Смольский жеңді. Қола медалді норвегиялық Йоханнес Бё алды.

P.S. Хош. Бар-жоғы екі аптаға созылатын байрақты бәсекенің алғашқы жартысындағы нәтижелер осындай. Алтын үшін талас күн санап қыза түсуде. Алайда әзірге отандастарымыздың қысқы олимпиададағы нәтижелері көңіл көншітпей тұр. Дегенмен тақымын қысып, спортшылармыздың тілеуін тілеген елдің бұл бәсекеден күдері үзілген жоқ. Тек алтын түгіл қола да арман болып қалмаса игі...

А.БАЙ

КӘСІП АШСАҢ АУЫЛДА АШ, ЖҰМЫССЫЗ АДАМ АЗАЯР

Қаламыздағы кәсіпкерлер саны жыл санап артуда. Бәсекелестікке құрылған нарық заманында үлкенді-кішілі жергілікті кәсіпкерлердің ынтасына қуандық. Қалаға қарасты ауылдардағы кәсіпкерлік жайын пресс-тур барысында көзбен көрдік.

2 БЕТТЕ

ЖЫЛ БОЙЫ НЕ ІСТЕДІҢ, ӘКІМ?

2 БЕТТЕ

COVID-19: ӨҢІРДЕ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Елімізде 14 ақпандағы мәлімет бойынша 1311 адам коронавирус жұқтырып, 4892 адам коронавирустан жазылған. Ал Қызылордада 12 жағдай тіркелді. Атап айтсақ, 7-і симптомды, 5-і симптомсыз жағдай. Бүгінде науқастар үй жағдайында бақылауда. Сондай-ақ 36 адам осы індеттен айықты.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәлімдеуінше, өңірде санитарлық эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Бүгінде Сыр өңірі «жасыл» аймақта. Жалпы 2020 жылдан бері облыста тіркелген науқастар саны 24048-ге жетті. Айта кету керек, қазір облыс бойынша инфекциялық стационарда 82 емделуші, ал реанимациялық төсек-орында 14 науқас ем қабылдауда.

Қазіргі кезде Қызылордада екпе қабылдауға қабілетті халықтың 93,5 проценті вакцина салдырды. Мәселен, I компонентпен 423 316 адам, II компонентпен 412 410 адам қамтылған.

Сонымен қатар 15 қараша мен 11 ақпан аралығында «Pfizer» вакцинасын алғандар саны 45540-қа жетті. Оның басым көпшілігін жасөспірімдер құрайды.

Ревакцинациялау үшін екпе қоры жеткілікті. Бүгінде «QazVac», «SinoVac», «Pfizer», «Спутник Лайт» препараттары қолданылуда.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, 2021 жылдың қарашасынан басталған ревакцинациядан барлығы 94495 адам өтті.

Қазіргі кезде ревакциналау бойынша медицина қызметкерлері, мұғалімдер мен күштік құрылымдар қызметкерлері көш бастап тұр. Айта ету керек, 60 жастан асқан азаматтардың үлесі жоғары. Студенттер мен созылмалы аурулары бар адамдар арасында да ревакциналау көрсеткіші арта түскен.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

КӘСІП АШСАҢ АУЫЛДА АШ, ЖҰМЫССЫЗ АДАМ АЗАЯР

Соңғы жылдары облыс орталығында бизнестің қарқынды дамығанын байқауға болады. Қала мен ауылда шағын кәсіп ашқысы келетіндердің саны көбеймесе, азайған жоқ.

Қаламызда кәсіпкерлікті жолға қойып, мемлекеттік бағдарламаның игілігін сезінген жандардың бір шоғыры Қызылжарма ауылында. Мұнда азаматтарды жұмыспен қамтып, ел ішіндегі жұмыссыздықты азайтуға үлес қосып отырған кәсіпкерлер аз емес. Соның бірі – Перизат Әлімбаева.

Ол былтыр өз қаражатымен азық-түлік дүкенін ашып, қаражат айналымын толықтыру мақсатында «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында 3 млн теңге көлемінде қаражат алып халыққа қызмет көрсетіп отыр.

– Бұған дейін дүкендерде сатушы болып жұмыс істегенмін. Кейін ойлана келе өзімді де, өзгені де тұрақты жұмыспен қамтуды мақсат етіп, кәсіпкерлікке бет бұрдым. Сөйтіп, мемлекеттің қолдаумен дүкен ашып, бір адамды жұмыспен қамтып отырмын. Алдағы уақытта кәсібімді кеңейту жоспарымда бар, – дейді кәсіп иесі.

Қызылжармалық тағы бір кәсіпкер Гүлназ Құдайбергенова да өткен жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы» ЖШС арқылы 6%-пен алты млн теңге қаржы алған. Бүгінде ол «Автокөлік жуу орталығының» құрылысын жүргізуде.

– Ауылдық округте заманға сай автокөлік жуу орталығын ашу тың идея болды. Өйткені шеткері аумақтар қарапайым автокөлік жуу орталықтарымен де қамтылмаған. Орталық Қызылжармадағы үлкен көше бойында орналасқан. Бұл жермен үлкен жүк көліктері жиі өтеді. Тиімділігі де осында болып тұр. Әзірге қаңқасын тұрғызып қойдық. Құрылысын көктемде аяқтауды жоспарлаудамыз, – деді кәсіпкер.

Осы тұста айта кету керек, былтыр қаламызда «Бизнестің жол картасы 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 23,4 млрд теңгені құрайтын 1234 жоба қаржыландырылды. Онда қалаға қарасты елді-мекендер тарапынан жоба құны 1 млрд 753 млн теңгені құрайтын 45 жоба қолдау тапса, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру бағыты бойынша жалпы құны 144,3 млн теңгені құрайтын 36 жоба грантқа ие болды.

Көріп отырғанымыздай, мемлекеттік бағдарламаның көмегін алғандар елдегі жұмысыздықтың азайып, кәсіпкерліктің одан әрі ілгерілеуіне ықпал етіп отыр. Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан қолдау бар. Әсіресе мал шаруашылығымен айналысамын деуші кәсіпкерлер үшін мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдікпен несиелер қарастырылған. Тек ынтаң мен ебің болса жеткілікті.

Мысалы, Қарауылтөбе ауылдық округінің тұрғыны Ғалым Жұмалиев 2014 жылдан бастап мал шаруашылығымен айналысып келеді. Ол 2019 жылы қой шаруашылығына ден қойып, «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасының көмегіне жүгінген. Бағдарлама аясында 10 млн теңге алып, оған 320 бас асыл тұқымды қой сатып алған. Бүгінде мал басы артып, жұмысы жанданған.

– Еңбек етемін деген адамға мемлекет тарапынан қолдау көп. Тек талпыныс пен табанды еңбек керек. Соның арқасында қазір мен малымның санын еселеп отырмын. Алдағы уақытта мал басын көбейтіп, соған орай жұмысшылар санын арттырсам деймін, – дейді кәсіп иесі.

Жалпы бұл ауылда төккен тер, еткен еңбектің рахатын көріп отырған жандар аз емес. Кәсіпкер Жомарт Ниязбаев та жылқы, сиыр шаруашылығын қолға алып, ата кәсіпті дамытып отыр. Ол осыдан бірнеше жыл бұрын «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға» арналған бағдарламасы аясында «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымынан 4 млн теңге, кейін 2020 жылы малды бордақылау бағытында «Сырдария-1» несие серіктестегі арқылы 6 процентпен 6 млн теңге қаражат алып, кәсібін жандандырған.

– Ата кәсіпті бастағанға дейін өзге салада жұмыс істедім. Алайда бір айлықпен күн көру оңай емес. Сол себепті өз кәсібімді ашуды ойға алып, мал шаруашылығымен айналысуды жөн санадым. Ата кәсіпті қолға алу ауыл тұрғындары үшін таңсық емес, – деді кәсіпкер.

Бүгінде кәсіпкер мал бордақылаумен айналысып келеді. Бие сүтіне сұраныстың жоғары екенін айтқан ол алдағы уақытта мұны да қолға алмақ.

Жалпы қазіргі таңда ауылдық жерлердегі кәсіп иелеріне қолдау да, жеңілдік те жеткілікті. Мәселен, қаламызда «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында жоба құны 1 млрд 425 млн теңгені құрайтын 149 жоба несиелендіру арқылы қаржыландырылды. Оның ішінде 45 жоба осы қалаға қарасты кент және ауылдық округтер тарапынан ұсынылып, сәтті жүзеге асты.

Мемлекеттік бағдарлама игілігін қосшыңыраулықтар да көруде. Мәселен, жеке кәсіпкер Айгүл Әбуова «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан» көмек алып, өз ауласынан тігін шеберханасын ашқан. Бүгінде кәсіпкердің аяқ алысы жаман емес. Ол 2020 жылы тігін кәсібін дамыту мақсатында 2,5 млн теңге көлемінде несие алған. Қаржыға қажетті құрал-жабдықтар мен түрлі тігін машиналарын алып, қыз жасауы мен сәнді құрақ көрпе тігумен айналысуда. Бүгінде ол тігін шеберханасында екі адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Ал осы ауылдың тағы бір тұрғыны Ғалымжан Құлжанов мемлекеттік бағдарламаның көмегімен мал шаруашылығын дамытуда. Ол былтыр «Атамекен Қызылорда» микроқаржы ұйымы арқылы жеңілдікпен «Жылқы малын бордақылау» жобасына 8 млн теңге қаржы алған. Кәсіп иесі бұл ақшаға 18 бас жылқы, жем-шөп сатып алып, кәсібін бастаған.Ендігі ретте мал басын көбейтуді көздеп отыр.

– Қазіргі таңда кәсіпкерлерге, жалпы еңбек етемін деген адамға мүмкіндік көп. Сол мүмкіндікті біз уақытында пайдаландық. Қазір кәсібім жүріп, бірнеше адамды жұмыспен қамтып отырмын, – деді кәсіпкер.

Жалпы бүгінде қала көлемінде шағын кәсіпкерлікті дамытуға көп көңіл бөлінуде. Мысалы өткен жылы өңірде мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде 2532 жоба қолдау тапқан. Бұл туралы қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Бағлан Аманкелдиев баспасөз орталығында өткен брифингте мәлімдеді.

– Облыс бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының 45,7%-і Қызылорда қаласының үлесінде. 2021 жылдың өзінде Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерінде 6514 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, 6528 жаңа жұмыс орны ашылды. Өткен жылы шағын және орта бизнес нысандары 216,8 млрд теңгенің өнімін шығарып, жалпы 54 958 адамды жұмыспен қамтып отыр, – деді бөлім басшысы.

Шынында, соңғы кездері облыс орталығында кәсіпкерлік саласының да қарқынды дамып келе жатқаны байқалады. Шағын және орта бизнестің бір ізге түсіп, көптеген жұмыс орындарының ашылуы, қала мен ауылдардағы жұмыссыздар санының азаюына үлкен үлес қосуда. Соңғы жылдары аймақта «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы бойынша басымдық берілген жобаларды жеңілдікпен несиелеу қарастырылған. Сондай-ақ халық игілігіне жараған тағы бір тың жоба – «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы. Бұл бағдарлама аясында 149 жоба несиелендіру арқылы қаржыландырылды. Оның ішінде ауылдық округтер де бар. Жоба аясында қайтарымсыз гранттар беру бағыты бойынша мыңнан аса адамның жобасы қолдау тапқан.

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында үлкенді-кішілі кәсіпкерлікті дамытуды тапсырды. «Кәсіпкер әкімдердің артынан жүгірмеуі тиіс» деген Президент сөзі кейде кәсіпкерлікті дамытуға кедергілер аз болмайтынын байқатты. Олай болса, алдағы уақытта әкімдердің жұмысы кәсіпкерлікті қолдаудан басталады деген сөз.

Басы 1-бетте

Ақтілек БІТІМБАЙ

ЖЫЛ БОЙЫ НЕ ІСТЕДІҢ, ӘКІМ?

ТАСБӨГЕТ: Жаңа мектеп бой көтерді

Былтыр Тасбөгет кентінде инфрақұрылымды дамыту, коммуналдық саланы жетілдіру жұмыстарына түрлі бюджет көздерінен 1 млрд 300 млн теңгеге жуық қаржы жұмсалған. Нақтырақ айтсақ, кенттегі 8 көшеге орташа, 1 көшеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 5 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстарының жобалау құжаттары әзірленген.

Бүгінде «Агроспецмонтаж» өндірістік кооперативі өз демеушілігі есебінен кенттің Құнанбаев, Мұратбаев, Маханбетов, Молдағұлова көшелерінің кейіннен қалыптасқан бөліктеріне ауыз су желілерін тартып беруде. Кентте бұдан өзге де ілкімді істер жетерлік. Мәселен, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында байдарка және каноэ есу базасы, төрт спорт клубы және Бозғұлов көшесіндегі көпқабатты үйлер ауласына бір ойын алаңы салынып, Наурыз, Тасарық шағын аудандарында орналасқан бес спорттық-балалар ойын алаңы жөндеуден өткізілді.

– Күн тәртібінде тұрған мәселелерді ақырындап шешіп жатырмыз. Мәселен, қала бюджеті есебінен 8,3 млн теңгеге кенттің жаңадан қалыптасқан, ішінара қалып қойған көше бөліктеріне электр желілерін тарту жұмыстарының жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, жобаны жүзеге асыруға облыстық бюджетке өтінім берілді. Одан бөлек кенттегі көптен бері қордаланып қалған мәселенің бірі апаттық жағдайда тұрған көпқабатты үйлердің жағдайы болып келгені белгілі. Былтыр Есенов №20 үйдегі 56 отбасына қала аумағынан салынған жаңа үйлерден пәтер кілттері табыс етілді. Қазіргі таңда «Фирма «МТО-Центр» ЖШС кентімізден 5 қабатты 53 пәтерлі тұрғын үй құрылысын салуды жоспарлап отыр, – деді кент әкімі.

Соңғы жылдары тасбөгеттіктердің кәсіпті дамыту қарқыны да артып келеді. Өткен жылы барлық бағдарламалар бойынша 103 жоба мақұлданып, 1 млрд 188 млн теңгеге қаржыландырылды. Қазірдің өзінде кентте 1253 шағын және орта кәсіпкерлік нысандары жұмыс жасауда. Былтыр 90 кәсіпкер тіркеліп, 150-ден аса тұрақты жұмыс орны ашылды.

Бұдан бөлек, кентке қарасты Сабалақ саяжайындағы халықты ауыз сумен қамту жобасы аяқталды. Қазіргі таңда «Агроспецмонтаж» өндірістік кооперативінің қолдауымен 5 шақырым көшеге ауыз су желісі жүргізілуде. «ҚазГерМұнай» ЖШС 50 млн теңгеге өңірге қосымша ұңғыма қазып, сыйымдылығы 50 текше метр болатын ауыз су мұнарасының құрылысын аяқтады.

Сондай-ақ Ш.Есенов атындағы 150 орындық білім беру орталығының құрылысы аяқталса, жеке кәсіпкер өңірдің кіре берісінен «Bilim Orda» жеке мектеп құрылысын жүргізді. Бұл мектеп алдағы уақытта 500-ден аса баланы қамтиды деп жоспарланып отыр. Былтыр бұл жобаға облыстық бюджеттен 670,7 млн теңге қаржы бөлінген болатын.

Осы тұста айта кетейік, «Еңбек» және «Өркендеу» бау-бақша серіктестіктеріне ауыз су құбырын тарту үшін жоба сметалық құжаттары әзірленіп, 169,1 млн теңгеге бюджеттік өтінім берілді.

БЕЛКӨЛ: Жол жөнделіп, электр желісі тартылды

Бүгінде қалаға қарасты кенттер мен ауылдардағы халық саны жыл санап артып келеді. Мәселен, былтырғы «Ұлттық халық санағы» кезінде Белкөл кентінің халық саны 4739-ға жетіп, оның ішінде экономикалық белсенді халық саны 2259 адамға жеткен. Бұл туралы кент әкімі Ардақ Ибраимов баспасөз орталығында өткен брифингте мәлімдеді.

– Аймақта оның ішінде біздің кентте де халық саны жыл санап өсіп келеді. Бүгінде осы кент тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатын көтеру, тұрмыстық және коммуналдық-инфрақұрылым жағдайын жақсарту мақсатында жұмыстар жасап жатырмыз. Мәселен, былтыр атаулы әлеуметтік көмектің жаңартылған форматы бойынша тұрмысы төмен және аз қамтылған 352 адамға атаулы әлеуметтік көмек төленді. Одан бөлек «Қарекет» қоры арқылы көпбалалы екі отбасыға баспана тарту етіліп, бір отбасына материалдық көмек көрсетілді. Сондай-ақ жыл бойы демеушілердің көмегімен 35 оқушыға құрал-жабдық, 200 отбасына азық-түліктей көмек көрсетілді. Бұл әлеуметтік бағыттағы атқарылған жұмыстардың бір парасы ғана, – деді кент әкімі.

Бұдан бөлек кентте көңіл қуантарлық жағымды жаңалықтар аз емес. Әкімнің айтуынша, бүгінде тұрғындардың кәсіпкерлік көкжиегін кеңейтіп, тың жобалармен айналысуына мол мүмкіндік жасалған. Қазірдің өзінде кентте 255 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жұмыс жасауда. Былтыр 41 кәсіпкерлік субъект тіркеліп, 81 тұрақты жұмыс орны ашылған. Ал биыл жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы аясында 4 жоба мақұлданды. Оның ішінде екі жоба «Өңірлік инвестициялық орталық» микроқаржы ұйымы арқылы төрт млн теңгеге, екі жоба «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы 20,8 млн теңге болатын несиге қол жеткізді. Сонымен қоса «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында бір жоба құжаттары банк тарапынан мақұлданып, қаржыландыруды күтуде.

– Бүгінде кәсіпкерлікті дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсап жатырмыз. Себебі бұл – ел дамуының негізгі факторларының бірі. Кентте «Еңбек» бағдарламасы аясында мемлекеттік грантқа алты тұрғын ие болды. Сондай-ақ «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша екінші деңгейлі банктер арқылы сегіз жоба 439

млн теңге несиеге қол жеткізді. Өз кезегінде бұл ілкімді істердің кент тұрғындарын жұмыспен қамтуда пайдасы зор болып отыр. Мысалы, былтырдың өзінде 37 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылып, «Жастар тәжірибесі» бағдарламасымен 8 жас жұмыспен қамтылды, – деді А.Ибраимов.

Бұдан бөлек кентте инфрақұрылымды дамыту мәселесі де жолға қойылған. Нақтырақ айтсақ, республикалық бюджет есебінен өткен жылы кенттегі инфрақұрылымды дамыту мақсатында жаңадан қоныстанған ауданға, сол секілді 1,9 шақырым көшеге және Бірқазан елді мекеніндегі 7,8 шақырымды құрайтын көшеге ауыз су құбыры жүргізілген. 2,9 шақырымды құрайтын өздігінен тартылған электр бағаналары мен желілері толықтай жаңартылып, демеушілердің көмегімен «Байқадам» арнасы арқылы өтетін көпір күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қоса кент орталығынан спорттық жаттығу алаңы пайдалануға беріліп, ойын алаңдары жөнделді.

Кент әкімі тұрғындар тарапынан көтеріліп жүрген мәселелер жауапсыз қалмайтынын және кезең кезеңімен шешілетіндігін де айтты. Бүгінде халықтың көкейінде жүрген кенттегі жаңадан қоныстанған ауданды талапқа сай электр қуатымен қамтамасыз ету және елді мекеннің көшелерін жарықтандыру жұмыстары басталуға жақын. Тіпті жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге қала қалалық бюджеттен қаржы да бөлінген. Енді аталған жоспарлар жүйелі жүргізілсе Жеруйық, Сарыарқа мен Бірлік көшелеріне жаңадан электр желілері тартылып, Бірқазан елді мекенінің орталық көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылып және орташа жол жөндеу жұмыстары нәтижелі болмақ.

– Халықтың сұранысына орай, биыл темір жол өткелі арқылы жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысы бастау алуда. Сондай-ақ Белкөл кенті тұсындағы ескі тұрмыстық қатты қалдықтар полигонын рекультивациялауға жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Аталған құжаттар дайын болған уақытта мемлекеттік сараптамадан өткізіліп, тиісті жұмыстарға қажетті қаржыны бөлу жөнінде бюджеттік өтінім ұсынылатын болады, – деді кент әкімі.

ҚАРАУЫЛТӨБЕ: Мал шаруашылығы дамуда

Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі Еркін Ахетов баспасөз орталығында өткен брифингте 2021 жылы атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы уақытта жасалатын жұмыс жоспарларымен бөлісті.

– Өткен жылы ауылдық округтегі Абай тұйығы мен Жеңіс көшесіне түнгі жарықтандыру бағаналарын орнату және Байсейітов көшесін жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы Аманкелді тұйығына тас төселді. Қазіргі таңда, ауыл

тұрғындарының сұранысына сәйкес Әбдіхалықов бейітін қоршау жұмыстарын жүргізу үшін «МегаСтрой» мердігер мекемесімен келісім-шарт жасалды. Ендігі ретте мәдениет үйінің құрылысын бастау үшін мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы анықталуда. Жеңімпаз деп танылған мердігер мекеме құрылыс жұмыстарын қараша айына дейін жүргізеді деп жоспарлаудамыз, – деді ауылдық округ әкімі.

Ауылдық округте ет бағытында – 19, сүт бағытында – 15, мал басын өсіру бойынша – 10 нысан жұмыс жасауда. 2021 жылы бұл кәсіпкерлік нысандар саны 6 процентке көбейген.

Сонымен қатар өткен жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында, 18 млн теңгені құрайтын 3 жоба ұсынылып қолдау тапса, «Еңбек» бағдарламасы аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік қайтарымсыз гранттар беру бағыты бойынша жалпы құны 11 млн 668 мың теңгені құрайтын 20 жоба қаржыландырылған.

ҚЫЗЫЛЖАРМА: 30 жоба қолдау тапты

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Медет Сейілов есеп беріп, 2021 жылы Қызылжарма ауылдық округінде атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында ауылдық округтегі №26 көшеге тас төселсе, Ж.Махамбетов көшесі жөнделді. Бұдан бөлек, ауыл көшелеріне ағымдағы жөндеуден өсте, №5 көшеге тас төселіп, Амангелді, Уәлиханов, Новая көшелеріне түнгі жарық бағаналары орнатылған.

Қазіргі таңда 12 көшеге 2 жинақтық трансформаторлық қосалқы станциясы мен 400-ге жуық электр бағаналары орнатылуда.

– Ауылдық округ тұрғындарының жеке кәсіп бастауға деген қызығушылығы жоғары. Соның нәтижесінде, өткен жылы 66 кәсіпкерлік нысан ашылып, 85 адам жұмыспен қамтылып отыр. Мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен 258,2 млн теңгені құрайтын 30 жоба қолдау тауып, 27,4 млн теңгені құрайтын 47 жоба қайтарымсыз грантқа ие болды, – деді ауылдық округ әкімі.

Жиын қорытындысында Медет Сейілов Қызылжармада жасалған жұмыс жеткілікті екенін ерекше атап өтіп, әлі де атқарылатын істер баршылық екенін жеткізді.

ТАЛСУАТ: Мемлекеттік бағдарлама іске асты

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен есепті жиында Талсуат ауылдық округінің әкімі Айбек Жылқыбай 2021 жылы атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталды.

– 2021 жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдағы Атырау, Орынбор, Алматы, Ақмешіт, Арал көшелері жөнделіп, Сырдария, Жанкент, Қазалы, Ақтау, 7-ші көшелеріне тас төселді. Сондай-ақ электр желісі тартылмаған А.Құнанбаев көшесінің 350 метр бөлігіне электр желісі жүргізілді, – деді ауыл әкімі.

Бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде атқарылған жұмыстар нәтижесінде ауылдық округте 126 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жұмыс жасауда. Өткен жылы 17 кәсіпкерлік субъект тіркеліп, 17 тұрақты жұмыс орны ашылған. Сондай-ақ «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 26,2 млн теңгені құрайтын 6 жоба қолдау тауып, «Еңбек» бағдарламасымен 11 адам 6,4 млн теңге қайтарымсыз грантқа ие болған.

Ауылдық округ тұрғындарының сұранысын қанағаттандыру бағытында демеуші азаматтардың қолдауымен «Абил» ЖК демеушілігімен ауылдық округтегі көпқабатты 2 тұрғын үйге және жеке 4 тұрғын үйге ауыз су желісі жүргізілсе, кәсіпкер С.Сыздықовтың демеушілігімен жалғыз басты қарттың үйіне көгілдір отын кіргізіліп, жылу жүйесі мен ауыз су желісі тартылды. Бұқаралық спортты дамыту мақсатында қалалық мәслихат депутаты Қайрат Ерназаровтың демеушілігімен мектеп ауласынан ауыл жастарына арналған жаңа заманауи футбол алаңы пайдалануға берілген.

Ақжарма, Ақсуат, Қызылөзек, Қосшыңырау ауылы әкімдерінің өткен жылы атқарған жұмыстарын газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар.

Ақтілек БЕРДІБАЙҰЛЫ, Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН ТҮЛЕК ҚАНША?

Қазіргі таңда білім саласындағы оқу үдерісі техникалық және кәсіптік білім бөлімдерінде де жүйелі жүргізіліп келеді. Өңіріміздегі колледждерде 19692 студент 97 мамандық бойынша білім алуда. Оларға 2162 инженер-педагог дәріс береді. Еліміз бойынша кәсіптік білім беру саласына айрықша көңіл бөлініп, білім беру жүйесін модернизациялау жұмыстары қолға алынуда. Оның айқын дәлелі соңғы жылдары білім беру жүйесіне дуальды оқыту, модульдік білім беру, модульдік-кредиттік технология бойынша білім беру, Worldskills халықаралық талаптарға сай кадрлар даярлау мақсатында «Талап» КЕАҚ тарапынан ұсынылған 54 жаңа бағдарлама бойынша оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары дайындалып, жұмысшы және орта буын кадрларын даярлау жүзеге асырылуда.

Қажетті техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлар даярлау үшін жыл сайын жергілікті бюджеттен 3108 орынға мемлекеттік тапсырыс бөлініп келеді. Қызылорда қаласы мен аудандардағы мектептердің 9-11 сынып бітірушілері өздерінің таңдаған мамандықтары бойынша оқу орындарына конкурстық негізде қабылдануда.

Бүгінгі күні қаламызда 19 колледж бар, оның 8-і мемлекеттік, 11-і жекеменшік оқу орны. Оларда студенттер педагогикалық, спорт, музыкалық, медициналық, қызмет көрсету, ақпараттық технология, ауыл шаруашылығы, электрмен қамтамасыз ету, техникалық және технологиялық мамандықтар бойынша білім алуда. Жыл сайын колледж түлектерінің тұрақты жұмысқа орналасуы басты назарда болып отыр. Мәселен, 2021 жылы оқу орнын бітірген 5182 студенттің 2298-і шілде-желтоқсан айлары арасында жұмысқа орналасты. Сонымен бірге бітірушілердің арасында ЖОО оқуға түсіп, әскер қатарына алынған, тұрмыс құрған, өзінің жеке кәсібін ашқан жастар да бар.

– Колледждерде білім алушы студенттердің жұмыс беруші кәсіпорындардың сұранысына сай білімді, білікті кадр болып шығуы маңызды мәселе. Осы мақсата ұдайы жұмыс жүргізіліп келеді. Атап айтар болсақ, білім беру жүйесіне енгізілген дуальды оқыту жүйесі 40 процент теория, 60 процент өндірістік практикадан тұрады. Бұл негізінен 3 жақты, атап айтқанда оқу орны, білім алушы және жұмыс беруші кәсіпорын арасындағы келісім-шарт негізінде жүзеге асырылмақ. Студенттер оқу орнында алған теориялық білімдерін кәсіпорын базасындағы оқу-өндірістік іс тәжірибемен байланыстыра отырып жүргізеді. Тапсырыс беруші кәсіпорын студенттердің өндірістік практикадан сапалы өтуіне жауапты және бітірушінің тұрақты жұмысқа орналасуына мүдделі болмақ. Бүгінгі күннің басты талабы кәсіпорындардың тапсырысы негізінде кадрлар даярлауды жүзеге асыру болып отыр. Ол ертеңгі күні сұранысқа ие маман болуына кепіл болмақ. Сонымен бірге 2015 жылдан бастап өңірімізде Worldskills халықаралық талаптарға сәйкес кадр даярлау мақсатында жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру, жастардың кәсіптік білім алуға деген қызығушылығын арттыру, студенттердің кәсіби шеберлігін көтеру үшін республикалық ұлттық чемпионат өткізіліп келеді. Нәтижесінде жас талапкерлер жүлделі орындарға ие болып жүр. Колледждерде кәсіптік білім алуға ниетті жастарға жеңілдіктер де қарастырылған. Атап айтар болсақ, әлеуметтік көмекті қажет ететін және ата-анасынан айырылған, көпбалалы отбасынан шыққан талапкерлерге оқуға түсу кезінде арнайы квота, жеңілдіктер берілуде. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету шаралары да жүйелі түрде шешімін тауып отыр. Мәселен, 2019 жылы 330 орынды 1 жатақхана, 2020 жылы 414 орынды 1 жатақхана, 2021 жылы 225 орынды 2 жатақхана пайдалануға берілді, – деді облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім бөлімінің басшысы Бекжан Есенбаев.

Бүгінде аймағымызда 11 колледж оның ішінде 5 мемлекеттік, 6 жекеменшік оқу орны жоғары колледж статусын иеленген. Жоғары колледж негізінен жұмысшы, орта буын кадрларын даярлаумен қатар, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды да жүзеге асыруда. Бұл – білім сапасының көтерілуіне, жастардың үздіксіз білім алуына жасалып жатқан негізгі шаралар.

ДИРЕКТОР ҚАЛАЙ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ?

Мектеп директорларын тағайындауға да жаңа өзгерістер енгізіліп отыр. Енді мектеп басшылығына кез келген адам барып отыра алмайды. Ол осы саланың отымен кіріп, күлімен шыққан, ыстық суығына төзетін саланың қыр-сырын толық меңгерген майталман маман болуы шарт. Оның өзі конкурстық негізде қызметке орналасады. ҚР БҒМ толықтырулар енгізілген бұйрығында білім беру ұйымының бірінші басшысының бос немесе уақытша бос лауазымы пайда болған кезде бес жұмыс күні ішінде білім басқармаларына конкурс өткізу туралы өтініш жібереді. Бірінші басшының лауазымына тағайындауға арналған конкурсты білім басқармасы жариялайтын болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен баспасөз конференциясында облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова айтты.

«Конкурс рәсімі бірқатар кезеңдерді қамтиды, қатысушы 100 сұрақтан тұратын тестілеуге қатысады. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының бірінші басшысының бос лауазымына орналасуға үміткер тестілеуден өткеннен кейін «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен әңгімелесу нысанында келісудің қосымша кезеңінен өтеді. Ал «Білім-инновация» лицейінің бірінші басшысының лауазымына үміткерлер тестілеуден, қамқоршылық кеңеспен келісуден босатылады және «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорымен әңгімелесу нысанында келісуден, сондай-ақ мемлекеттік органның комиссиясының отырысында әңгімелесуден өтеді. Сонымен қатар жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымының бірінші басшысының бос лауазымына орналасуға үміткер кандидаттар тестілеуден өткеннен кейін министрліктің Балалардың құқықтарын қорғау комитетімен әңгімелесу нысанында келісудің қосымша кезеңінен өтеді», – деді басқарма басшысы.

Конкурс қорытындысы бойынша сайланған мектеп директоры жаңа қызметке бес жыл мерзімге тағайындалады. Сонымен қатар білім саласында сапаны қаматамасыз ету үшін барлық білім ұйымдары мемлекеттік аттестаттаудан 5 жылда бір рет өтетіні белгілі болды.

«Биыл мемлекеттік аттестаттаудан өтуге 149 мемлекеттік балабақша, 30 мектеп, 7 колледж жоспарланып отыр. Ал жекеменшік білім нысандары келер жылдан бастап аттестацияланады», – деді облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Ғалия Дәулетова.

Брифинг барысында мектеп басшыларын ротациялаудың тиімділігі туралы да айтылды. Білім беру ұйымында 4 жыл жұмыс атқарған басшы ротациядан өтініші негізінде босатылып, қолданыстағы еңбек шарты шеңберінде өз жұмысын жалғастыра алады. Егер басшы сол ұйымда 7 жылдан астам уақыт жұмыс істесе, онда ол міндетті түрде ротацияланады. Осылайша бір білім беру ұйымына жетекшілік ету мерзімі 7 жылдан аспауы тиіс.

КОЛЛЕДЖДЕРГЕ БӨЛІНЕТІН ГРАНТ САНЫ АРТАДЫ

ҚР Білім және ғылым министрлігі 2022 жылы колледждерде білім алуға бөлінетін мемлекеттік тапсырыс саны 10 000 орынға артатынын мәлімдеді. 107 мың қазақстандық студент колледждерде мамандықтарды тегін меңгере алады. Бұл туралы ҚР БҒМ Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Насымжан Оспанова айтты.

«9-сыныпты бітірушілердің барлығы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы аясында кезең-кезеңімен тегін оқи алады. Биылғы оқу жылында алғаш рет әлеуметтік осал топ санатындағы балалардың колледжде түсуі үшін тағы үш квота енгізілді. Квота көпбалалы, толық емес отбасынан, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасынан шыққан балаларға арналған. Бұрын мұндай мүмкіндік ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ерекше қажеттіліктері бар балаларға, сондай-ақ жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға қарастырылған еді. Ауыл жастары да квота бойынша мемлекеттік тапсырысты алады», – деді Насымжан Оспанова.

Сонымен қатар білім берудің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін министрлік мемлекеттік тапсырыстарды «Ақша студенттің соңынан жүреді» қағидаты бойынша орналастырудың жаңа механизмін әзірледі. Яғни бұған дейін гранттарды колледждер арасында білім бөлімдері орналастырған болса, енді колледждер арасындағы мемлекеттік тапсырыс талапкерлердің таңдауы бойынша бөлінетін болды.

КІМДЕР ҰБТ ТАПСЫРМАЙ ГРАНТҚА ТҮСЕ АЛАДЫ?

Халықаралық зияткерлік олимпиада жеңімпаздары ҰБТ тапсырмай-ақ жоғары оқу орнына грантқа түсе алады. Бұл туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Үкімет отырысында өткен жиында мәлімдеді.

Дарынды балаларды қолдау өте маңызды. Президенттің тапсырмасы бар. Биылдан бастап халықаралық зияткерлік олимпиадалардың жеңімпаздарына конкурсқа қатыспай, ҰБТ тапсырмай-ақ жоғары оқу орнына грант алу мәселесі қарастырылып отыр, – деді министр.

Сондай-ақ олимпиада жеңімпаздары мен олардың ұстаздарына арнайы сыйақы беріледі деп жоспарлануда.

«Оқу – білім азығы, Білім – ырыс қазығы», – дейді халық даналығында. Иә, қай заманда да білімдінің көкжиегі кең. Елдің әлеуметтік экономикалық ахуалының артуына оң әсер ететін саланың бірі – білім. Мағжан Жұмабаевтың «Алаш баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деуі содан болар.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Жә, сонымен әңгіме әлқиссасын жоғары оқу орындарынан бастайын. Еліміздегі білім мен ғылым саласының даму көкжиегі жыл өткен сайын кеңейіп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың отандық білім мен ғылым жүйесін бәсекеге қабілетті дамыту ісіне барынша көңіл бөліп, қаржымен қамтамасыз ету жұмыстарын ерекше назарында ұстап отырғаны баршаға аян. Ел Президенті белгілеп берген биік мақсаттар аясындағы тапсырмалар ҚР Білім және ғылым министрлігі Асхат Аймағамбетовтің басшылығымен сәтті, тиімді шешімін тауып, ашық ортаға салынып әрі түсінікті түрде орындалуда. Бұл соңғы жылдары еліміздің адам капиталын дамытуда ең маңызды рөлге ие салаларда қолға алынған жаңашыл, институционалды реформалар халықтың қолдауына риясыз ие болуда десек, артық айтқандық емес. Былтырғы гранттардың саны ұлғайып 56 мың болғаны белгілі. Заман талабына сай техникалық мамандықтарға деген сұраныстың арту тенденциясын алдын ала болжаған. Мемлекет басшысы 2022 жылы гранттар санын 61 мыңға жеткізуді тапсырды. Оның 60 проценті IT және техникалық бағыттардың үлесіне тимек.

БІЛІМ КЕМЕСІНДЕГІ БҮГІНГІ БЕТАЛЫС

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде инженерлік-техникалық білім беру бағдарламалары бойынша грант саны 2020 жылдың 1 қыркүйегінде 214 болса, 2021 жылы 366-ға артты. Бұл дегеніміз елімізде техникалық мамандықтарға деген сұраныстың артқандығын білдіреді.

Бүгінде білім алушылар оқу процесіне 100 процент ден қоюы үшін жыл сайын шәкіртақы көлемі де көбейіп келеді. Бакалавриатта 2018 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық өсіп 2021 жылы 31 мың теңгені құрады. Докторантурада осы аралықта стипендия мөлшері 82 мың теңгеден 172 мың теңгеге өсті. (2025 жылға қарай бұл көрсеткіштер, сәйкесінше, 52 және 262 мың теңгені құрайды). Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап ЖОО студенттерінің стипендиясы 20 процентке, докторанттардың стипендиясы 15 процентке өспек. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 2021-2022 оқу жылынан бастап студенттердің стипендиясы (экологиялық коэффициентті қоса есептегенде) 31423 теңгеден 40849 теңгеге, педагогикалық бағытта оқитын студенттердің стипендиясы 50400 теңгеден 65520 теңгеге, магистранттардың стипендиясы 76950 теңгеден 100035 теңгеге, докторанттардың стипендиясы 172500 теңгеден 224250 теңгеге артқан. Қазіргі күні ЖОО профессор-оқытушыларының еңбекақысы 200 мың теңге мен 400 мың теңге аралығында. Кейінгі 2 жылда ұстаздардың еңбекақысы 2 есе артты. Барша ұстаздар қауымын жаңашылдыққа, шығармашылыққа ынталандырған осынау қолдау – «Педагог мәртебесі» туралы заңның жемісі.

– Оқу ордамызда ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуіне ерекше қолдау көрсетілуде. Университетте ғылыми зерттеу жұмысын жалпы қаржыландыру көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 20 процентке өсті. ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру негізінде орындалатын жобалар 20 процентке артты. ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен университет базасында «Химия, жасыл технологиялар, жаңартылатын энергия көздері, педагогикалық және іргелес ғылымдар ғылыми-инновациялық орталығы» атты академиялық артықшылық орталығы ашылмақ. Орталықта 2024 жылға дейін жалпы құны 4 млрд теңгені құрайтын заманауи зертханаларды іске қосу жоспарға енді. Орталықтың басты идеясы – білім, ғылым, өндірісті интеграциялау арқылы сапалы кадрлар даярлауды жүзеге асыру. Тағы бір атап өтерлігі, университетте 2021 жылдың 1 қыркүйегінде профессор-оқытушылар құрамының еңбекақысы 2020 жылдың 1 қыркүйегімен салыстырғанда лауазымына қарай 60 проценттен 90 процентке дейін өссе, қызметкерлердің еңбекақысы 25 процентке артты. Атап айтсақ, ең төменгі жалақы профессорларда 394346 теңгеге, доценттердің айлық еңбекақысы 293453 теңгеге, ғылыми дәрежесі бар аға оқытушыларда 267226 теңгеге, ғылыми дәрежесі жоқ аға оқытушыларда 230751 теңгеге, оқытушыларда 202331 теңгеге ұлғайды. Енді еліміздегі 500 ғалым әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтпек. Осы орайда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен 7 ғалым-оқытушы әлемдік деңгейдегі интеллектуалдық игіліктерді игеруге мүмкіндік алып отыр. Әлемдік өркениет көшінің алдыңғы қатарынан орын алу үшін жұдырықтай жұмылып еңбек ету баршамыздың абыройлы міндетіміз, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Бейбітқұл Кәрімова.

МЕКТЕПТЕН ХАБАР

Сүйіспеншілік – өмір негізі

1-11 ақпан аралығында №39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндік өтті.

Онкүндіктің ашылу салтанатында оқушылар әннен шашу шашып, өзін-өзі тану пәні туралы өлеңдер оқып, би билеп, анимациялық қуыршақтармен балаларға жақсы көңіл күй мен қуаныш сыйлай алды.

Тағылымды апталық барысында мектеп оқушылары «Жүрек жылуы» атты флешмоб ұйымдастырып, «Сүйіспеншілік – өмір негізі» тақырыбында аңыз әңгімелер әлеміне саяхат жасады. «Балалар жылына» орай оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттырып, бала бойындағы құндылықтарын дамытуға жол ашты. «Ар – ұждан ғылымы» тақырыбында 4 «А» сыныбында өзін-өзі тану пәні мұғалімі Гүлмира Тұрашқызы ашық сабақ өткізді. Мектеп мұғалімі Ф.Түсіпбаева 5 «Б» сыныбында «Адами қарым қатынастар әлемі» тақырыбында сабақ беріп, сүйіспеншілік құндылығын дамытып, жанашырлыққа тәрбиеледі. Онкүндік іс-шарасы «Ақ-Ерке» шағын орталығында қорытындыланды.

Ахмет Байтұрсынов – балалар әдебиетіндегі ірі тұлға

Н.Ахмаеева атындағы №112 орта мектепте «Атаулы күндер, айтулы тұлғалар» жобасы аясында «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының негізін қалаушы» атты қалалық педагогикалық оқулар ұйымдастырылды. Педагогикалық оқу 3 секциялық бағыттан құрылды.

Бірінші – «Ахмет Байтұрсынов – балалар әдебиетіндегі ірі тұлға» бағыты. Мұнда А.Байтұрсыновтың балалар әдебиетіндегі рөлі, шығармаларының ерекшелігі, ұлттық құндылықтар негізіндегі тәлімдік мәні мен мазмұны айтылды. Екінші – «Ұлы ұстаз шығармаларының тәрбиелік мәні» бағыты бойынша қаламгер еңбектерінің тәрбиелік тұсы сипатталады. Үшінші – «Ұлттық руханият контексінде қазақ тіл біліміндегі инновациялық бағыттардың А.Байтұрсынұлы еңбектерімен сабақтастығы» бағыты. Бұл білім беру жүйесінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Тағылымға толы семинар

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейде «Бастауыш сыныпта білім беру мазмұнын жетілдіру, жаңашылдық әдістерді мектеп тәжірибесінде қолдану тиімділігі» тақырыбында семинар өтті. Семинарды мектеп-лицей директоры Бек Тумурзаев ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып отырған бастауыш сынып мұғалімдері өзара тәжірибелерімен бөлісті.

Семинарға қатысушы мұғалімдер Ақтолқын Жүнісова, Әлия, Мырзахметова, Лаура Әкімова, Гүлназ Қалмырза математика, әдебиет, қазақ тілі, жаратылыстану пәндерінен ашық сабақ өтіп, әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы сабақ мақсатына жете білді. Жарқынай Бимаханова, Рая Жанаева, Нұргүл Жуканова, Айғаным Әбдіқаниева, Гүлнар Досмаганбетова, Әйгерім Алтаева, Айнұр Исламбекова шеберлік сағаттары мен коучингтер, тренингтер өткізді.

Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми жоба жеңімпаздары жұмыстарын көрсетіп, іс-тәжірибелерін ортаға салды. Ата-анамен жұмыс та сырт қалған жоқ. «Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы» тақырыбында ата-анамен жұмыс барысын Салтанат Сахиева жан-жақты аша білді. «Ұлттық құндылықтар – ұрпақ тәрбиесінде» тақырыбында ұлттық жәдігерлер көрмесі ұйымдастырылды. Бастауыш сынып мұғалімі Айгүл Өмірәлиева көрмедегі әрбір заттың шығу тарихы мен қолданылуы туралы мәліметтермен бөлісті.

Семинар қорытындысында мектеп-лицейдің қосымша білім беру орталығындағы үйірме қатысушылары өнер көрсетті.

Жас мамандар байқауы

Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінде жас мамандарға арналған «Заманауи жас маман – 2022» байқауы өтті.

Қатысушылар «Мен SMART педагогпын». «Жаңаша оқытуға – жаңаша көзқарас». «Менің педагогикалық мүмкіндіктерім» бағыттары бойынша өзара бақтарын сынады.

Сайыста ұстаздардың шығармашылық қырлары сараланып, жаңа идея мен креативті көзқарас қалыптастыру деңгейі, болашақтағы жоспары мен мақсаты, педагогикалық ұстанымы бағаланды.

Жарыс қорытындысы бойынша Жансая Басқынбаева жеңімпаз атанды. I орынға Әсел Тұрғанбаеваға лайық деп танылса, II орын Нұрайлым Ыбырайға бұйырды. Үздік үштікті Жаңыл Шағдар қорытындылады.

Балалар қауіпсіздігі – басты назарда

Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектебінде «Интернет желісінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында ата-аналардың қатысуымен ZOOM форматында жиналыс өткізілді.

Онда ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиал доценті, психология ғылымдарының кандитаты Алмагүл Аяғанова және Қызылорда қалалық полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімшесінің инспекторы Айнұр Абдрахманова ата-аналарға барынша құқық бұзушылықтың алдын алу және интернет желісінде балалардың қауіпсіздігі туралы ата-аналарға түсініктеме берді.

Жиынды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жарқынай Құрманова қорытындылады.

Бетті дайындаған Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Отбасы

Кеше ғана өзіміз бақытты сәтіне куә болып, тойда ақ тілек арнаған жас жұбайлар көп ұзамай ажырасқанын естігенде іштей әттеген-ай деп қынжыласың. Оған не себеп? Үлкендер жағы жастардың тіл табыса алмауы мен мінезінің үйлеспеуін алға тартады.

Соңғы кезде ажырасу мәселесі қазақ қоғамының дертіне айналды. Статистикалық мәліметке сүйенсек, еліміз әлем бойынша бұл жөнінен алғашқы ондыққа кіреді екен. Біздің өңірдің де көрсеткіші көңіл көншітпей тұр. Мәселен, былтыр облыс бойынша 2807 неке қиылса, 232 ерлі-зайыптының жолы екіге айрылған. Ал биылдың өзінде 161 жас шаңырақ көтерсе, 13-і дәм-тұзы жараспай ажырасқан.

БАҚЫТ КІЛТІ КІМДЕ?

БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР БОЛМАСЫН

Болашағымыз бұлыңғыр болмас үшін бақытты ұрпақ тәрбиелеу керек. Сол үшін бірлігі жарасқан, тату-тәтті отбасын қалыптастыру – басты міндет. Әрине, бәрі де айтуға оңай. Десе де отбасы беріктігі – мемлекет байлығы. Сондықтан әрбір адам шаңырағын шайқалтпай ұстауға жіті мән бергені жөн.

– Біз – ешқашан жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған халықпыз. Бұрын қандай қиын қыстау заман болса да ажырасу деген ұғым мүлдем жоқ. Сонымен қатар қарттар мен жетімдер үйлері бізге жат атаулар. Алайда бұл мәселелер бүгінгі қоғамның қасіретіне айналды. Өйткені Алла тағала ешқашан адам тағдырымен ойнауды құптамайды. Қазіргі кезде әлеуметтік желідегі ажырасқан жұлдыздардың өмірі сананы әбден улауда. Оның орнына ұзақ жылдар бойы бірге ғибратты ғұмыр кешкен отбасы, 10-15 баланы дүниеге әкелген «Батыр» ана жайында неге насихаттамасқа? Қандай қиындық болсын мойымай, жұмыспен қатар нәрестені де дүниеге әкелген көпбалалы аналар жетерлік. Міне, нағыз отбасы құндылығы деп осыны айтуға болады. Олардың ерлігін қазіргі жастарға неге үлгі етпеске?! Ұлқыздарының, немере-шөберелерінің ортасына суретке түсіріп, өнегелі отбасыны көрсете білсек қандай керемет. Қазіргі кезде жастардың басым көпшілігі кішкентай мәселені үлкен дауға айналдырады. Соның салдарынан ортадағы бала зардап шегуде. Міне, қоғамның ашы шындығы – осы. Мәселен, «Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық» деген ұстанымды ата-бабамыз сан ғасыр бойы жалғап келеді. Бүгінде «құда – мыңжылдық» деген сөздің астарына басым көпшілігі үңілмейді. Оның негізгі түп-төркіні – қызыңды, ұрпағыңды барған жеріне аманаттау. Қазақта аманатқа ешқашан қиянат жасалмаған. Оны бүгінгі жастар жіті түсініп, отбасы құндылығын басты орынға қойса екен. Қарап отырсаңыз, қазір көп отбасында әкенің орны төмендеп кеткен. Әрине, бұл дұрыс емес. Өйткені әкенің орны қашанда биік болу керек. «Әке берген тәрбиені жүз мектеп бере алмайды». Сондықтан анасы баласына «әкеңнен сұран, әкең ұрысады» деген сөздерді ұдайы айтып отырғаны жөн. Сонда ғана ол отбасында өскен ұрпақ дұрыс жолды таңдайды, – деді дін мәселелерін зерттеу орталығының аға теолог маманы Бақтияр Оспанов.

ТӘРБИЕ БАСТАУЫ ОТБАСЫНДА ЖАТЫР

Тәрбие неден басталады? Бүгінде жас ата-аналар ұл мен қызына лайықты тәрбие беріп жүр ме? Бұл жөнінде 12 баланы дүниеге әкелген қала тұрғыны Мырзақұл Алшоразованың ой-пікірін білдік.

– Қазақта «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлты тәрбиелейміз» деген әдемі сөз бар. Әрине, әр отбасының өзіндік ұстанымы, ережесі, тәртібі болады. Құдайға шүкір, екі ұл, он қызды отағасы екеуміз қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірдік. Қазір бәрі де отбасылы. Қыздарымның алды немере сүйіп отыр. «Қызға қырық үйден тыйым» деп бекер айтылмаса керек. Мәселен, қыздарымызды мәпелеп өсірдік. Десе де «Ертең сен бір әулеттің келінісін, үй тірлігін үйрен» деп үнемі құлағына құйып отырдық. Сондай-ақ ер азаматты қашанда жоғары қойып, құрмет көрсету керектігін үйреттім. Қандай қиындық болса да баланың болашағы үшін ана төзімділік таныту керек. Ертеңгі күннен, жақсылықтан үміт үзбеуі қажет. Отбасы болғасын ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Ер адам ұл-қызы өскеннен кейін өзі-ақ басылады. Міне, тәрбиенің нағыз бастауы – осы. Мұны мен өз анамнан көріп-біліп өстім. Сондықтан оны қыздарымнан да талап еттім, – деді батыр ана.

«Отбасында бақытты жан өмірде де бақытты». Себебі әр адамның алтын бесігі, аялы ордасы отбасы екені анық. Әрбір жан отбасында бақытты болуға әбден лайық. Әрине, ол әркімнің өз қолында. Ең бастысы, ата-ана, отбасы, балаға деген жауапкершілікке немқұрайлы қарамаған жөн. Соңғы кездері әйелдің бірінші күйеуінен баласы бола тұра, екінші рет тұрмысқа шығып, одан опық жеп жүргендерді көп естіп жүрміз. Тіпті еріп келген баласына қазіргі күйеуінен зорлық-зомбылық жасалған жағдайлар қоғам дертіне айналды.

– Бүгінде ажырасуға әкеп соғатын түрлі себеп бар. Оның ішінде қызғаныш, зорлық-зомбылық, тұрмыс тауқыметі, алдамшы сезім басты орында тұр. Орынсыз қызғаныш қаншама отбасыны орға жығуда. Бұл – көбіне екеудің сеніміне селкеу түсіп, бір-біріне күдігі көбейген кезде қылаң беретін қауіпті сезім. Сондай-ақ нәзік жандардың ер адамдар тарапынан зорлық-зомбылық, зәбір көруі олардың сезімін суытып, отбасылық жылуын жояды. Әсіресе ішіп келген күйеуінен жазықсыз жазаланатын келіншектің өмір сүруге деген құлшынысы төмендейді. Олар тек баласы үшін ғана күнін өткізеді. Мұндай жағдай көп кездеседі. Әрине, осындай мәселемен тікелей жұмыс істеп отырғандықтан оны ашып айта алмаймыз. Ол – біздің саланың құпиясы. Десе де «Ажырасуыңызға не себеп болды?» деген сауалнамаға әйелдердің көбі «Күйеуім табыс таппайды», «Ішімдік ішеді» деп жауап береді. Сондықтан әрбір ер адам отбасын құруға психологиялық тұрғыда дайын болуы керек. Бала-шағасын асырай алмай, соқыр сезімнің жетегіне еріп, үйленер болса, оның соңы некенің сақталмауына әкеп соғады. Әйел заты жаратылысынан қамқорлық пен мейірімді күтеді. Арқа сүйер ер азаматымыз болғанын қалаймыз. Бұл – заңдылық. Алайда бүгінде кейбір азаматтар мұндай сенім үдесінен шыға алмай жүр, – деді әлеуметтік психолог Шынар Мырзағали.

ОТБАСЫ БАҚЫТЫНЫҢ КІЛТІ КІМДЕ?

Ата-ана қадірін кеш түсінеміз. Жастар арасында отбасы құндылығы жайында түсінік таяздау секілді. Соның салдарынан шарасыз күйде қалған аналардың, дүниеге келгеннен жетімдіктің ащы дәмін татқан сәбилердің, қартайған шағында пана іздеген қарт кісілердің сан қилы тағдыры көз алдымызда орын алуда. Соңғы жылдары тұрмыс тауқыметіне түскен аналар қатары артып, алименттен жалтарған жауапсыз әкелер көбеюде. Соның салдарынан әкеге деген баланың теріс пікірі қалыптасып, қоғамдағы орны төмендеп кетті.

Некенің беріктігі кімге байланысты? Осы тақырыпты жаза бастағаннан аталған сауал ойымнан шықпай қойды. Расында, кімге байланысты... Әрине, ойландыратын сұрақ. Десе де айналамдағы адамдардан сұрастырып көргенімде, көбінің ойы бір жерден шықты. Ол тікелей әйелге байланысты. Шындығында солай ма? Әлде олар «Әйелдің қырық жаны бар» деген тәмсілге сүйеніп айтты ма екен?.. Бірақ отбасының айрандай ұйып, тату-тәтті өмір сүруіне екі тараптың да бірдей жауапкершілігі қажет секілді. Сіздің ше қалай, қадірлі оқырман?

Бетті дайындаған
Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

Әке, мені кешірші!

Бір жас жігіт үйленгелі бері үйінде бірге тұрып келе жатқан әкесі үшін әйелімен ылғи да қырықпышақ болып, сөзге келіп қалатын. Арадағы ұрыс-керіске әйелінің қайын атасына тыжырына қарап, үйге артық адам керек емес деп жақтырмай қарайтын шайпау мінезі себеп еді. Кейде сондай бір ұрыстардың адам айтса нанғысыз бас бермей кететін кездері де жиі болатын. Ондайда жанжалды ушықтырып, жан алқымнан алатын әйелі үйді басына көтере: «Не бұл үйден мен кетем, не әкең кетсін!» деп долылыққа басатын.

Әйелімен ажырасуға дәті барар емес. Үйде бірге тұрып жатқан әкесі үшін лап ете қап, өршіп ала жөнелетін ұрыс-керістер болмаса, былайғы өмірі тыптыныш тұғын. Осы әйелге кезінде қолы әрең жеткен еді, үйдегілерді қалай әрең көндіріп еді десейші?!

Әйеліне өлердей ғашық болғаны соншалық, әлі де қатты жақсы көретін. Енді міне, шақшадай басы шарадай болып, не істерін білмей дал болып отырған оның есіне бұл тығырықтан алып шығар бір ғана жол түсті. Ол кезінде аң аулауға керек болар деп тұрғызған таудағы күркесымақ ағаш үйге әкесін апарып орналастырсам деген ой еді. Аптасына бір рет соғып, тамағын апарып беріп, керектісін жеткізіп тұрса, күнде құлақ етін жемей үйде әйелі де тыныш табар деген үміт еді.

Әкесіне керекті бар заттарды дайындағаннан кейін төсекке таңылған әкесін көтеріп әкеп жеңіл көлікке отырғызды. Баласы да барам деп етегіне жармаса кеткендіктен оны да машинаға отырғызып, жолға бірге ала шықты.

Қақаған қыс айы. Даладағы үскірік аяз бет қаратар емес. Қарсы алдарынан құйындатып борай соққан қардан жолды әрең-әрең көріп келе жатты. Қасында отырған кішкене баласы әкесінен қайда бара жатқандарын мазалап, қанша сұраса да еш жауап ала алмады. Ал өзін қайда апара жатқанын бірден ұққан көкірегі ояу қарт іштей егіле жылап, көзінен сорғалай аққан жасын жеңімен сүрткен күйі немересі мен баласына білдірмеуге тырысты.

Бірнеше сағат жол жүріп таудағы үйге де келіп жетті-ау. Бұл жерге ат басын бұрмағалы да біраз уақыт болыпты. Үйсымақ ағаш күркенің әбден тозғаны соншалық, төбесінен су ағып, еденге тастаған тақтайлардың кейбір тұстары шіри бастапты. Күркенің бір бұрышын тазалап болғаннан кейін машинадағы төсекті әкеліп, сол бұрышқа жайлап орналастырды. Артынша басқа да заттарды өз орындарына реттестіріп қойғаннан кейін ең соңынан әкесін түсіріп әкеп, әлгі төсекке жатқызды. Ал үй деп әкелген күркесі үйден гөрі далаға көбірек ұқсайды. Едені сыз, суық күркеде әкесі төсекке басы тимей жатып-ақ тісі-тісіне тимей сақылдап, жаурай бастады. Денесі қалшылдап, тоңа бастаған әкесіне қарап тұрып «Ертең жылырақ көрпе-жастықтар әкеліп берермін» деп ойлады. Бірақ өзегін өртеген қалың ой мен еңсесін зіл ғып басқан мұннан біртүрлі арыла алмады. Ол осылайша өзін күнәлі сезініп тұрғанда, әкесінің ішкі жан дүниесінде ала-сапыран дауыл тұрып, көңілі астан-кестен күйде еді.

Қаншама жыл барын аузына тосып, аялап баққан баласы қартайып, әл-ауқатынан айырылып, мынадай қауқарсыз күйге түскен шағында қадір-құрмет көрсетудің орнына өзін тірідей көміп, қыстың көзі қырауда ессіз далаға тастап кетіп бара жатқан жоқ па?! Бұл не, ит-құсқа жем болсын дегені ме, жоқ, әлде, аязда аштан қатып өлсін дегені ме?! Бұдан өткен бақытсыздық, бұдан асқан масқаралық болар ма?!

Осындай қорқынышты әрі сұрықсыз ойлар жетегінде іштей қатты мүжілген қарт онысын сыртқа сездірмеуге тырысып бақты. Болған жайттан ешнәрсе ұқпаған тек қарттың немересі ғана. Кіп-кішкентай бала жүрегі, әйтеуір, атасынан айрылып бара жатқанды ғана сезіп, көңілін қорқыныш биледі.

Қайтатын уақыт та таяды. Қоштасарда әкесінің төсегіне еңкейіп, оны құшақтаған бойда өксігін баса алмай көп жылады. «Мені кешірші» дегендей бетінен, көзінен, қолдарынан қимай-қимай көп сүйді.

Екеуі де көз жастарына ие бола алмай, әкелі-балалы құшақтасқан күйі күңірене іштей егілді. «Осыған мәжбүр болдым, әке, қайтейін» дегендей ұлы артқа қайта-қайта көз тастап, кішкене баласының қолынан дедектете жетектеген күйі күркеден алыстай берді.

Көлікке келіп отырды. Қайтар жолға бет алғаннан-ақ қасына ерте келген кішкене баласы «Атамды суық жерге неге тастап кеттің?» деп ал кеп жыласын. Баласына не деп жауап берерін білмеген әке байғұстың басы қатып, басты. «Шешең осылай болуын қалады» деп айта алмады. Баласы бір уақытта жұлып алғандай «Сен қартайғанда мен де сені осында әкелем бе?» дегенде, төбесінен біреу мұздай су құйып жібергендей қалш-қалш еткен күйі тұрды да қалды. Бірден көлігін кері қарай бұрды. Күркеге жете бере «Әке, мені кеш!» деп әке құшағына қарай далақтап жүгіріп, тамағына тығылған ащы өксікке ие бола алмады. Мойнынан тас қып құшақтады. Кемсеңдеген әке мен кешірім тілеген ұлдың құшақтары көпке дейін айырылмады. Өз қателігін енді ұққан баласы «Жаза бастым, жаңылдым, әке, мені кеш» деп аяғына бас ұрып кешірім сұрағанда, әкесі оған еш күтпеген мағыналы жауап қайтарды:

– Сенің қайтып келетініңді білгенмін, балам. Сен мені тауға әкеп тастап кететіндей мен өз әкемді қартайған шағында тауға апарып тастаған жоқпын ғой. Мені тауға алып келсең де дәтің шыдап тастап кетпейтініңді, қайта оралатынды білгенмін, балам, – деген еді карт сонда.

Тұранбай ОРАЗЫМБЕТОВ

Өсиет

Бір бай кісі дүние салар алдында ұлын шақырып алып:

– Ұлым, мен өлген соң жұма сайын қыз ал, әр қалаға үй сал, ас жесең бал же – деп өсиет етіпті.

Бай дүниеден өтіп, ұлы әкесінің өсиетін орындай бастайды. Жұма сайын қыз алып, әр қалаға үй салып, тек бал жеп, бар дүниесін бітіреді. «Енді не істеймін?» деп мұңайып, бір тастың үстіне отыра кетеді. Арада біршама уақыт өткенде бір ақсақал келіп жігітке сәлем береді де, әңгімеге тартады.

– Не істеп отырсың?

– Жай отырмын.

– Шынынды айт! Жүзінде бір мұң бар ғой, шырағым! – дейді кария.

Жігіт ештеңе айтқысы келмегенімен, ақсақал:

– Сырыңды жасырма! Бәлкім, бір көмегім тиіп қалар, – дейді.

Қарап отырсақ, барлығы бір-бірімен байланысып жатқан дүниелер. Бір мәселеден қаншама келеңсіздік туындайды. Бүгінде ана мен бала құқығы – басты назарда. Қазіргі кезде облыста «Қамқорлық» орталығы жұмыс істейді. Онда тұрмыста зорлық-зомбылық көріп, қиын жағдайға тап болған әйелдерге түрлі көмек көрсетіледі. Олар мұнда уақытша баспанамен қамтылып, медициналық, әлеуметтік-психологиялық және құқықтық кеңес алады. Бір өкініштісі, жыл сайын бұл орталықтың көмегіне жүгінетіндер саны артып отыр.

Бүгінде зорлық-зомбылыққа тап болған аналардың құқығын қорғауда тынбай еңбек етіп жүрген облыстық полиция департаментінің аға инспекторы Светлана Баймағанбетова да өз пікірін білдірген еді.

– Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Ата-анасының, ағайын-туыстың, бауырларының ортасында өскен баланың болашағы зор, ертеңгі күні жарқын. Өкінішке қарай, қазір жастардың бойында адамгершіліктің жоғалуы, тәрбиенің төмендеуі отбасындағы келеңсіздікке тікелей байланысты. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» демекші әрбір ата-ананың жүрген жолын баласы да басары анық. Мәселен, «Бір күн ұрыстың қырық күн кесірі бар» дегендей әке-шешесінің жанжалы жасөспірімнің психологиясына кері әсерін тигізеді. Үйдегі осындай жағдайлар кәмелет жасқа толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне әкеп соғуда. Сондай-ақ некенің бұзылуы да ғажап емес. Бүгінде қорқыныштың басты себебі болуы да ғажап емес. Бүгінде күйеуінен зорлық-зомбылық көрген аналар қатары көп. Күн сайын түрлі тағдырмен бетпе-бет келеміз. Бірін татуластыруға әрекет етсек, енді біріне қылмыстық іс қозғаймыз. Біздің басты міндетіміз – ана мен бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету, – деді ол.

кедей болдым.

– Не деп айтқан еді?

– Әкем: «Мен өлген соң жұма сайын қыз ал» – деп еді, мен әкемнің өсиетін орындадым. Екінші: «Әр қалаға үй сал» – деп еді. Мен әр қалаға үй салдым. Үшінші: «Ас ішсең, бал же» – деп еді. Мен бұл өсиетін де орындап, әр күні бал жедім. Осыларды атқарамын деп жүргенде барлық ақшам таусылды, – дейді.

Сонда кария жігітке қарап:

– Сен әкеңнің өсиетін түсінбеген екенсің. «Жұма сайын қыз ал» дегені: «Әйеліменсыйлас бол, қадірінді кетірме. Сонда ғұмыр бойы тату-тәтті өмір сүресің!» дегені. «Әр қалаға үй сал» дегені: «Әр қалада достарың болсын, барғанда қонатын» дегені еді. «Ас жесең, бал же» дегені: «Еңбек етіп, ас ішсең – балдан тәтті болады» дегені еді, – деп карт өз жөніне кетіпті.

Жігіт әкесінің терең мағыналы өсиетін сонда ғана ұққан екен...

Мырзагелді КЕМЕЛ

ШАТТЫҚ МЕКЕНІ

Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы. Отбасының аман-саулығы әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Отбасын бірлесіп бірге күн көретін, туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы құрайды. Ал отбасының береке-бірлігі – әр сәбидің, әр баланың болашақ қадамы мен бақытты жүзінде. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, бала тәрбиесінде және оның дара тұлға болып қалыптасуында ата-ананың рөлі мен отбасы құндылығының маңызы өте зор.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР ЕРЛЕРГЕ ҚАРАҒАНДА 7 ЖЫЛ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРЕДІ

2000 жылдан бастап облыстағы халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы көрсеткішінің өсу тенденциясы байқалады. Мәселен, 2000 жылы – 65,1 жас, 2010 жылы – 68,4 жас, 2020 жылы – 70,15 жас. 2020 жылы облыстағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы ерлерде – 66,31, ал әйелдерде – 74,24 жасты көрсетті. Осы ретте, әйелдерде өмір сүру ұзақтығы ерлерге қарағанда жоғарғы деңгейде – 7,93 жас, – деді «Facebook » әлеуметтік желісінде Азамат Қабақов.

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4256 Тапсырыс №219

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БІТІМБАЙ